

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылғы 6 қыркүйек

2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан бағалы қағаздар нарығының жай-күйі туралы

01.08.2021ж. жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE) сауда тізімдерінде 122 эмитенттің 138 акциясы болды, оның 4 шығарылымы листингтік емес бағалы қағаздар секторындағы айналысқа жіберілді. Есепті айда жаңа акциялар KASE-нің ресми тізіміне қосылған жоқ. 2021 жылғы шілдеде дивидендтен кейінгі кезең аясында KASE индексі **7,7%-ға 3 086,66 тармаққа** төмендеді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) жүргізген талдау негізінде акциялар нарығын капиталдандыру 01.08.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы шілдеде **41,3%-ға** немесе **8,3 трлн теңгеге** ұлғайып, **28,3 трлн теңгені** құрады. Ұлғаю негізінен листингтелетін акциялар құнының өсуі және KASE-де «Kaspi.kz» АҚ жай акцияларымен мәмілелердің қалпына келуі есебінен болды.

Акциялармен сауда-саттық көлемі 2021 жылғы шілдеде **13,3 млрд теңге** болды, маусымдағы акциялармен сауда-саттық көлемімен салыстырғанда **19,3%-ға** немесе **3,2 млрд теңгеге** азайды.

Облигациялар нарығында KASE-нің сауда тізімдерінде **71** эмитенттің **296** корпоративтік облигациялар шығарылымы болды. KASE-де саудаланатын корпоративтік борыш көлемі **15 трлн теңге** болды, 2021 жылғы шілдеде **0,1%-ға** немесе **21,8 млрд теңгеге** азайды. 2021 жылғы шілдеде жалпы сомасы **45,8 млрд теңгеге 6** облигациялар шығарылымы орналастырылды, оның **65%-ы** квазимемлекеттік секторға тиесілі.

Корпоративтік облигациялардың қосалқы нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі 0,1%-дан аз, брокерлік-дилерлік ұйымдар – 41,5%, басқа институционалдық инвесторлар – 4,9%, өзге заңды тұлғалар – 51,7%, жеке тұлғалардың үлесі – 2% болды. Бейрезиденттер үлесі 34,8%-ды құрады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша KASE-де саудаланатын, номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 01.07.2021ж. көрсеткішке қарағанда 1,7%-ға немесе 305,8 млрд теңгеге ұлғайып, 18,1

трлн теңгегі құрады.

KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2021 жылғы маусыммен салыстырғанда 44,6%-ға немесе 107,6 млрд теңгеге ұлғайып, 2021 жылғы шілдеде 348,8 млрд теңгені құрады.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 2021 жылғы шілдеде 316,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 312 млрд. теңге **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін** орналастыруға тиесілі.

Қайталама нарықтағы инвесторлар құрылымындағы ЕДБ үлесіне 45,1%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 20,7%, басқа институционалдық инвесторлар үлесіне – 4,4%, өзге заңды тұлғалардың үлесі 29,4%, жеке тұлғалардың үлесі – 0,4%-ды құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 4,7% деп бағаланады.

Ұжымдық инвестициялар нарығында **41** инвестициялық пай қоры жұмыс істеді, оның **22** интервалды, **18** жабық және **1** ашық. 2021 жылғы шілдеде **1** жабық инвестициялық пай қоры тіркелді. Ұжымдық инвестициялар нарығындағы басқарылатын активтердің жиынтық көлемі **399,4 млрд. теңгені** құрады және алдыңғы аймен салыстырғанда 1,1 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға ұлғайды. Аталған ұлғаю, ең алдымен, инвестициялық қорлардың пайларын орналастыру арқылы инвесторлардың тартылған активтерінің есебінен орын алды. Инвестициялық пай қорларының негізгі активі **334,9 млрд. теңге** көлеміндегі немесе жиынтық активтерден 84% көлеміндегі бағалы қағаздар болып табылады, бұл ретте портфельдің 95%-ы шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардан тұрады. Бұл дерек басқарушы компаниялардың шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздарға инвестиция жасауға қызығушылығын куәландырады.

01.08.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында **37** брокер және дилер (17 банк және 20 банктік емес ұйым), **10** кастодиан-банк, **19** инвестициялық портфельді басқарушы, **2** трансфер-агент, сондай-ақ **2** инфрақұрылымдық ұйым: KASE және бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі қызметін атқаратын «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) жұмыс істейді. Сонымен қатар, KASE базасында орталық контрагент қызмет етеді. 01.07.2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар саны өзгермеген.

Неғұрлым толық ақпаратты Агенттіктің:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/207220?lang=ru> сайтынан алуға болады

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша call-орталыққа төмендегі нөмір бойынша хабарласыңыз: +7 (727) 237 1000
Жұмыс кестесі дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін

Баспасөз қызметі
+7 (727) 237 1090, press@finreg.kz